

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

2018 ж. « 26 » маусым

180640031670
(Бизнес-сәйкестендіру нөмірі)



Ақмола облысы әкімінің
2018 жылғы 01 маусымдағы
№ А-6/250 қаулысымен
бекітілді

**Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы
«Көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

2018 ж. « 26 » маусым

Қуәлік № 3034-1502-01-МК

ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелері

1. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Ақмола облысы әкімдігінің қаулысымен құрылды.

3. Ақмола облысының әкімдігі Кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығының субъект құқығын Ақмола облысының әкімдігі жүзеге асырады (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган).

5. Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы).

6. Кәсіпорынның толық атауы: Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: индексі 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Сабатаев көшесі, 1.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құрылды деп есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Ақмола облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Ақмола облыстық онкологиялық диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ақмола облысы денсаулық сақтау

басқармасының жанындағы «Перинаталдық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны және Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Облыстық тері-венерологиялық диспансері» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындары құқықтық мұрагері болып табылады.

9. Кәсіпорынның жеке балансы, заңнамаларға сәйкес банктердегі есеп шоттары, бланктері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы жазылған мөрі бар.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар және уәкілеттіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасасқан және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен басқасы қарастырылмаған жағдайда, тіркелген сәтінен бастап жасалған деп саналады.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халыққа ұсынылатын медициналық көмектің сапасын жақсарту, емдеу және диагностикалау хаттамаларын, аккредиттеудің халықаралық стандарттарын енгізу жолымен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін арттыру, медицина персоналдарының кәсіби деңгейін арттыру және кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын жетілдіру болып табылады.

13. Кәсіпорын қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) ересек тұрғындарға амбулаториялық – емханалық, бастапқы медициналық-санитариялық, стационарлық, жоспарлы және шұғыл мамандандырылған, стационарды алмастыратын, жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету, оған:

- ересек және бала тұрғындарға келесі мамандықтар бойынша амбулаториялық-емханалық көмек: консультативтік-диагностикалық көмек, стоматология, диагностика, ультрадыбыстық ;

- бастапқы медициналық-санитариялық көмек: білікті;

- дәстүрлі медицина: рефлексотерапия, мануальды терапия;

- жедел медициналық көмек;

- ересек тұрғындарға келесі мамандықтар бойынша стационарлық медициналық көмек: бет-жақ, нейрохирургия, пластикалық хирургия, кардиохирургия, ангиохирургия, травматология және ортопедия,

анестезиология және реаниматология, урология, оториноларингология, офтальмология, ревматология, гастроэнтерология, кардиология, жалпы терапия, невропатология, гематология, жалпы хирургия, эндокринология, нефрология, пульмонология, акушерлік және гинекология, трансфузиология, онкология, дерматовенерология (дерматокосметология);

- бала тұрғындарға келесі мамандықтар бойынша стационарлық медициналық көмек: неонатология, невропатология, анестезиология және реаниматология, офтальмология, бет-жақ, трансфузиология,

- ересек тұрғындарға келесі мамандықтар бойынша стационарды алмастыратын медициналық көмек: жалпы хирургия, колопроктология, абдоминальная, оториноларингология, бет-жақ, офтальмология, травматология және ортопедия, урология, эндокринология, ревматология, невропатология, гастроэнтерология, пульмонология, нефрология, онкология, дерматовенерология, акушерлік және гинекология;

- бала тұрғындарға мына мамандықтар бойынша стационарды алмастыратын медициналық көмек: бет – жақ, офтальмология, онкология дерматовенерология;

- ересек тұрғындарға мына мамандықтар бойынша консультативтік-диагностикалық медициналық көмек: нейрохирургия, оториноларингология, бет – жақ, офтальмология, ангиохирургия, пластикалық хирургия, анестезиология және реаниматология, стоматология, кардиохирургия, травматология және ортопедия, урология, ревматология, гастроэнтерология, кардиология, жалпы терапия, невропатология, гематология, жалпы хирургия, эндокринология, нефрология, пульмонология, акушерлік және гинекология, онкология, дерматовенерология (дерматокосметология), спорттық медициналық және емдік дене шынықтыру, медициналық оңалту, массаж, физиотерапия, диагностика;

- бала тұрғындарға мына мамандықтар бойынша консультативтік-диагностикалық медициналық көмек: анестезиология және реаниматология, дерматовенерология (дерматокосметология);

- диагностика: эндоскопиялық диагностика, патологиялық анатомия, функциональды диагностика, рентгенологиялық диагностика, ультрадыбыстық диагностика;

- зертханалық диагностика: иммунологиялық зерттеу, биохимиялық зерттеу, бактериологиялық зерттеу, цитологиялық зерттеу, жалпы клиникалық зерттеу, серологиялық зерттеу;

- қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту және физиотерапия көрсету;
- ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;
- Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте қабылданатын медициналық көмектің басқа түрлері;
- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне енбеген медициналық зерттеулерді жүргізу;
- дәрілік заттармен қамтамасыз ету және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету үшін дәрілік нысандарды дайындау:
 - дәрілік заттар айналымы саласында заңнамамен белгіленген тәртіпте фармацевтикалық көмек көрсету;
 - дәрілік формулярға енбеген дәрілік заттармен емдеу;
 - есірткілік заттар, психотропты заттар мен прекурсорларды алу, сақтау, бөлу, пайдалану және жоюға байланысты қызмет;
 - ересек және бала тұрғындарға емдік тағам.
- 2) Еңбекке уақтыша жарамсыздықты сараптау.
- 3) Кәсіби жарамдылықты сараптау.
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шетел азаматтарына шұғыл көмек көрсету.
- 5) Салауатты өмір салтын насихаттау.
- 6) Медициналық көмектің сапасын арттыру және науқастарға сервистік қызмет көрсетуді жетілдіру.
- 7) Енгізілген технологияларды есепке ала отырып кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру және стационар бөлімшелерінде медициналық көмек сапасының индикаторларын енгізу, халықаралық стандарттарға сәйкес медициналық көмек көрсету сапасын жетілдіру бойынша мәселелерді регламенттейтін, нормативтік-құқықтық актілерді орындау.
- 8) Медициналық ғылым жетістіктерін уақтылы енгізу және жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру.
- 9) Ерікті сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету.
- 10) Қосымша сервистік қызметтер көрсету.
- 11) Емдеу кезінде немесе жеке емделу кезінде ақылы қызметтерді ұсыну.
- 12) Үш жастан үлкен балалармен уақытша тұру.
- 13) Жеке тұлғалардың уақытша тұруы (пациенттердің туысқандары).
- 14) Басқа да емдеу-профилактикалық мекемелермен сабақтастық және өзара іс-қимыл әдістері және нысандарын жетілдіру.

15) Денсаулық сақтау тәжірбиесіне медициналық ғылым жетістіктерін уақтылы енгізу;

16) Төтенше жағдайларда жұмысқа дайындықты қамтамасыз ету.

17) Медициналық көмек көрсету және шаруашылық қызмет сапасын басқару жүйесін оңтайландыру.

18) Кәсіпорынды пайдалану және жабдық, қондырғылардың санитарлық ережелері мен нормаларын, санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимді анықтайтын талаптар, нормативтік және директивтік құжаттарды сақтау.

19) Медициналық аппаратуралар, инженерлік-техникалық коммуникациялар және құрылыстың іркіліссіз және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету.

20) Қажетті медициналық және шаруашылық мақсаттағы материалдар және құралдармен жабдықтау және қамтамсыз ету.

21) Кәсіпорын дәрігерлер мен мейіргерлерді тәлімдемеден өткізу үшін оқу базасы болып табылады.

22) Кәсіпорын Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес басшы бекіткен ақылы қызметтердің баға прејскурантына сай ақылы медициналық қызметтерді жүзеге асырады.

23) Кәсіпорын Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес медициналық көмек көрсетуге байланысты рұқсат етілген және лицензияланған өзге де қызмет көрсетуге;

24) Кәсіпорын Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырыстан (ТМККК) өзге халыққа көрсетілетін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес медициналық қызмет.

25) Пациенттің (заңды өкілдерінің) бастамасы бойынша бастапқы медициналық-санитариялық алғашқы көмек және емдеу қызметтері, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдары және бастапқы медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының жолдамасынсыз қызмет көрсету.

26) Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету;

27) Кәсіпорын осы жарғымен бекітілген қызметтің мақсаты мен мәніне жауап бермейтін қызметті, сондай-мәмілелерді іске асыруға құқығы жоқ.

28) Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының және жергілікті атқарушы органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

29) Кәсіпорынның жарғылық емес қызметін іске асыруға бағытталған басшының әрекеті, еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік шара қолдануға не материалдық жауапкершілікке тартуға әкеледі.

14. Кәсіпорынның осы Жарғыда көрсетілмеген, оның мақсаты мен мәніне сәйкес келмейтін әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

15. Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттармен шектелген немесе басшының жарғылық құзіреттілігін бұзушылықпен жасалған негізгі қызмет мақсаттарына қайшы келетін келісімдер тиісті жергілікті атқарушы органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

16. Кәсіпорынмен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған басшының әрекеттері, еңбек міндеттемелерін бұзушылық болып табылады, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соқтырады.

4. Кәсіпорынды басқару

17. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;
- 4) Кәсіпорынның филиалдары мен уәкілеттіктерін құруына келісім береді;

5) Кәсіпорын мүлкін пайдалану, сонымен қатар жалға беру, қайтарымсыз қолданысқа беру және сенімгерлік басқару тұрғысында шешім қабылдайды;

18. Тиісті саланың өкілетті органы:

1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басымды бағыттарын және міндетті жұмыс (қызмет) көлемін белгілейді;

2) Кәсіпорынның даму жоспарын және олардың орындалуы бойынша есептерді қарастырады, келісім береді және бекітеді;

3) Кәсіпорын мүлкінің қолданылуы мен сақталуына бақылау жүргізеді;

4) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді атқарады.

6) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады.

19. Кәсіпорынның басшысы, сондай-ақ байқау кеңесі оның орган болып табылады.

20. Басшыны тағайындау, оны аттестациядан өткізу, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

21. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, еңбек шартын жасасу арқылы Кәсіпорын басшысымен еңбек шартын жасасады.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің шарттарынан басқа, Кәсіпорын басшысына таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке аударып отыру жауапкершілігі жүктеледі.

22. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық жұмысы мен мүлкінің сақталуына жеке жауапты болады.

23. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорында жемқорлыққа қарсы шаралардың ұйымдастырылуына жеке жауапты болады.

24. Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген құзіреттілігіне сәйкес, дара басшылық қағидасында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

25. Басшы:

1) сенімхатсыз Кәсіпорын атынан әрекет етіп, барлық органдарда оның мүддесін қорғайды;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының аясында Кәсіпорын мүлкіне иелік етеді;

3) шарттар және басқа да келісімдер жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік есепшоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарып, тапсырмалар береді;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен басқа жағдай көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынға жұмысқа қабылдап, қызметкерлермен еңбек шарттарын бұзады, марапаттау шараларын қолданып, сөгіс жариялайды;

8) еңбекке ақы төлеудің белгіленген қоры шеңберінде Кәсіпорын қызметкерлерінің (өзінің орынбасарлары мен бас есепшіні есепке алмағанда) еңбеақы төлеу түрін, штат кестесін, лауазымдық еңбеақы мөлшерін, сыйақы және басқа сыйлық беру жүйесін бекітеді;

9) жергілікті атқарушы органға өзінің орынбасарларын орнынан босатуды және қызметке тағайындау үшін кандидатураны ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа басқарушы қызметкерлерінің құзіреттілігін бекітеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да қызметтерді атқарады.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

26. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынға қойылатын талаптар мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органмен бекітіледі.

27. Байқау кеңесін құру тәртібі, байқау кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесі мүшелерін таңдау тәртібі және олардың өкілеттіліктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен бекітіледі.

28. Байқау кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалау тәртібі және оларға төлем жүргізу лимитін белгілеу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен бекітіледі.

29. Байқау кеңесінің құзыреті:

1) тиісті саланың өкілетті органына Кәсіпорынды дамыту жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасына келісім береді, алдына ала Кәсіпорынның жылдық қаржылық есебін бекітеді;

3) қосымша көздерден алынған және демеушілік пен қайырымдылық көмек қаражатын, соның ішінде Кәсіпорынның өкімінде қалған таза кірістің бөлінуі туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаржысы мен қосымша көздерден алынған қаржының мақсатты қолданылуын бақылау үшін еш кедергісіз Кәсіпорынның және құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамаларымен танысады және осы аталған қаржының мақсатты қолданылуын бақылау үшін тиісті саланың өкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорын басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселесі бойынша тиісті саланың өкілетті органының ұсынысына келісім береді;

6) ұжымдық шарт әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көзінің даму жоспарымен бекітілген есебі шеңберінде қызметкерлердің, кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық еңбекақыларына үстемеақы төлеу, сыйақы беру және материалдық көмек көрсету мәселелері бойынша шешім қабылдайды;

7) Байқау кеңесі хатшысын тағайындайды, құзіреттілік мерзімін айқындайды, еңбекақысының көлемін белгілейді және оның өкілеттік мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың өкілетті органына Кәсіпорын жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорынның басым қызмет бағыттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

10) тиісті саланың өкілетті органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы бойынша ұсыныстар енгізеді.

30. Байқау кеңесі отырысының өткізілу тәртібі:

1) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай, алайда тоқсанда кем дегенде бір рет өткізіледі;

2) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы төрағасының талабы бойынша, тиісті саланың өкілетті

органының, байқау кеңесінің мүшесі немесе Кәсіпорын басшысының талабы бойынша шақырылады;

3) Байқау кеңесі туралы ереже, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын шақырту және өткізу тәртібі тиісті саланың өкілетті органымен бекітіледі;

4) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелеріне отырыстың өткізілу уақыты мен орны туралы хабарланып, отырыста Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі жиналған болса, Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын өткізуге құқылы. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхаты бойынша) беруіне болмайды.

5) Кәсіпорынның байқау кеңесінің мүшесі дауыс беру кезінде бір ғана дауысқа ие болады. Дауыс саны тең болған жағдайда, Кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

6. Кәсіпорынның мүлкі

31. Кәсіпорын балансында сомасы көрініс тапқан активтер, Кәсіпорын мүлкі болып табылады.

32. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейді және салымдар (жарғылық капиталдағы бөлігі, пайлары), сонымен қатар Кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлініске түспейді.

33. Кәсіпорын мүлкі:

1) мемлекеттік мүлік бойынша өкілетті органмен берілген мүліктен;

2) дербес қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктен (қаржылай кірісті қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да кіріс көздерінен қалыптасады.

34. Кәсіпорын қарамағында жарғымен қарастырылған қызметті қамтамасыз етуге қажетті мүлік, болмаса осы қызметпен өндірілетін мүлік болады.

35. Шаруашылық жүргізу құқығына ие болу және тоқтату үшін осы Жарғымен басқа жағдай қарастырылмаған болса, иелік құқығына және басқа да мүліктік құқықтарға ие болу және тоқтатуға арналған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен қарастырылған жағдайда және тәртіпте жүзеге асырылады.

36. Шаруашылық қарамағындағы мүлікті қолданудан түскен өнім мен кірістер, сондай-ақ Кәсіпорынның келісімдері мен басқа да негіздемелері бойынша сатып алынған мүліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте Кәсіпорынның шаруашылық қарамағына енеді.

37. Меншік иесімен Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылданған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, Кәсіпорында Қазақстан

Республикасының заңнамасымен өзгесі белгіленбеген болса немесе меншік иесінің шешімімен туындайды.

38. Кәсіпорынның негізгі қаражатқа жататын мүлікті сатып алу-сату шарттары бойынша өткізуге, ауыстыруға, сыйға беруге құқығы жоқ.

39. Кәсіпорын мүлкіне шаруашылықты жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің иелік құқығын тоқтатуға арналған 249-бабымен және осы Жарғының 42, 43-тармақтарымен карастырылған жағдайларда тоқтатылады.

40. Осы Жарғының 41-тармағында карастырылған шаруашылықты жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, шаруашылықты жүргізу құқығы меншік иесінің шешімі бойынша Кәсіпорыннан құқылы түрде мүлікті алу жағдайында тоқтатылады.

Құқылы түрде мүлікті алу жағдайына жатады:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарын жауап бермейтін мүлікті алу;

- артық, қолданылмайтын немесе дұрыс қолданылмайтын мүлікті алу.

41. Жергілікті атқарушы орган, егер де Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқа жағдай белгіленбеген болса, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынға бекітілген мүлікті алуға немесе онымен құрылған басқа заңды тұлғалар арасында бөліске салуға құқылы.

42. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алу туралы шешімде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға алынған мүлікті басқа тұлғаға бергенге дейін оны күтіп ұстау және сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді.

43. Кәсіпорын жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен тиісті саланың өкілетті органының ұйғарымы бойынша құқылы:

1) филиалдар, өкілеттіктер құруға;

2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдеме беруге;

4) қарыз беруге.

44. Шаруашылық жүргізу құқығында оған бекітіліп берілген негізгі қаражатына жатпайтын жылжымалы мүлікке Кәсіпорын өздігінен иелік етуге құқылы.

45. Осы Жарғының 45 және 46-тармақтарында көрсетілген мүліктен алынған ақша, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен немесе меншік иесімен басқа жағдай белгіленбеген болса, Кәсіпорынмен жеке қолданылады.

7. Кәсіпорын қызметінің қаржыландырылуы

46. Кәсіпорын қызметі дамыту жоспарына сәйкес өзінің кіріс көзі мен Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасымен белгіленген тәртіпте бөлінген бюджет қаржысы есебінен қаржыланады.

Кәсіпорынның даму жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен белгіленеді.

47. Кәсіпорынның таза кірісінің бөлігін аударудың нормативі, жергілікті атқарушы органмен белгіленеді.

Белгіленген норматив бойынша Кәсіпорынның таза кіріс бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен белгіленген тәртіпте тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын корпоративтік кіріс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей таза кіріс бөлігін тиісті бюджетке аударуды жүргізеді.

48. Кәсіпорын өндіретін тауарын өздігімен жүзеге асырады.

49. Кәсіпорынмен өндірілетін тауар (жұмыс, қызмет) бағасы, оларды өндіруге жұмсалған шығынның толығымен жабылуын, қызметінің шығынсыз болуын және өз кірісі есебінен қаржылануын қамтамасыз етуі тиіс.

Бюджеттен қаржыланатын жұмыс (қызмет) көлемінде өндірілетін тауар (жұмыс, қызмет) бағасы жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша Кәсіпорынмен белгіленеді.

Бюджеттен қаржыланатын жұмыс (қызмет) көлемінде өндірілмейтін тауар (жұмыс, қызмет) бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының шеңберінде Кәсіпорынның өзімен белгіленеді.

50. Жарғымен қарастырылмаған Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынатын қызмет барысында алынған Кәсіпорынның кірісі, сондай-ақ ұсынылатын тауарға (жұмыс, қызмет) белгіленген бағаны арттыру нәтижесінде түскен кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бюджетке аударылады. Мүліктің есеп-қисап қағаздарында көрініс таппай пайдаланылу фактісі анықталған жағдайда да толығымен алынады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

51. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 4 319 674 902 (төрт миллиард үш жүз он тоғыз миллион алты жүз жетпіс төрт мың тоғыз жүз екі) теңге.

Жарғылық капитал Кәсіпорынның мемлекеттік тіркеуден өтуі кезеңіне толығымен қалыптасуы керек.

9. Кәсіпорынның есеп жүргізуі мен есептілігі

52. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін құрастыру, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының негізінде жергілікті атқарушы органмен келісім

бойынша Кәсіпорын басшысымен бекітілетін есепке алу саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

53. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есебінің құрамына бухгалтерлік баланс, кіріс пен шығыс туралы есеп, қаржы қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсініктеме хаттар жатады.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

54. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.

11. Еңбек ұжымы мен өзара қарым-қатынас

55. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және ұжымдық шартпен белгіленеді.

56. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі еңбек тәртібінің ішкі ережесімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

57. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының көлемі жыл сайын жергілікті атқарушы органмен бекітіледі.

58. Еңбекақыны төлеу нысаны, штат кестесі, лауазымдық еңбекақының көлемі, сыйақы беру және басқа да ынталандыру жүйесі, Кәсіпорынмен белгіленген еңбекақы төлеу қорының шегінде жеке белгіленеді.

59. Кәсіпорын басшысы, оның орынбасарлары, бас (аға) бухгалтер еңбекақыларының көлемі, оларға сыйақы және басқа да ынталандыру жүйесі жергілікті атқарушы органмен белгіленеді.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

60. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату, жергілікті атқарушы органның шешімімен жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен қарастырылған басқа да негіздемелер бойынша да таратылуы мүмкін.

61. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру мен таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

62. Таратылатын Кәсіпорынның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі жергілікті атқарушы органмен қайта бөлінеді.

Таратылатын Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін өткізуден алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

63. Кәсіпорын жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жергілікті атқарушы органмен енгізіледі.

Бас дәрігер:

Т.А.Ә.

Қолтаңбасы



Утвержден
постановлением
акимата Акмолинской области
от 01 июня 2018 года
№ А-6/250

УСТАВ

государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» при управлении здравоохранения Акмолинской области

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» при управлении здравоохранения Акмолинской области (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата Акмолинской области.

3. Учредителем Предприятия является акимат Акмолинской области.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет акимат Акмолинской области (далее – местный исполнительный орган).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является управление здравоохранения Акмолинской области (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» при управлении здравоохранения Акмолинской области.

7. Местонахождения Предприятия: индекс 020000, Республика Казахстан, Акмолинская область, город Кокшетау, улица Сабатаева, 1.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации и является правопреемником государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Акмолинская областная больница» при управлении здравоохранения Акмолинской области, государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Акмолинский областной онкологический диспансер» при управлении здравоохранения Акмолинской области, государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Перинатальный

центр» при управлении здравоохранения Акмолинской области и государственного коммунального казенного предприятия «Акмолинский областной кожно-венерологический диспансер» при управлении здравоохранения Акмолинской области.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

